

**"Майлытоғай ауылдық округіне қарасты атауы жоқ көшеге "Бірлік" атауын беру туралы" Ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 25 тамыздағы N 49 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Майлытоғай ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 20 сәуірдегі N 56 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Шиелі аудандық Әділет басқармасында 2012 жылы 24 мамырда N 10-9-223 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабының 3 тармағын және "Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 8 бабының 3 тармағын басшылыққа ала отырып

**Ш Е Ш Е М І Н :**

1. "Майлытоғай ауылдық округіне қарасты атауы жоқ көшеге "Бірлік" атауын беру туралы" Майлытоғай ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 25 тамыздағы (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2010 жылдың 01 қазанында N 10-9-143 болып тіркелген, аудандық "Өскен өңір" газетінің 2010 жылғы 20 қазанындағы N 85/7815/ шығарылымында жарияланған) N 49 шешімінің преамбуласы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" N 148 Заңының 37 бабының 3 тармағын басшылыққа ала отырып, аудандық ономастикалық комиссия мәжілісінің 2010 жылғы 2 маусымындағы N 4 хаттамасына сәйкес

**Ш Е Ш Е М І Н :**

2. Аталған шешімнің 2 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі."

3. Аталған шешімнің 3 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Р. Абдрахимоваға жүктеймін."

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Майлытоғай ауылдық округі әкімі*

*Қ. Асанов*